

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты Фараби кітапханасымен бірлесе отырып ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында «АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік мәжіліс өткізді.



Мәжіліс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Қасенұлы Ибраимовтың кіріспе сөзімен ашылды. Мәжіліс модераторы – Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Жанғара Дәдебайұлы мәжіліске қатысушыларды Абай ҒЗИ-да 2024-2025 оқу жылында жарияланған еңбектер ұсынылған е-көрмемен таныстырды. Фараби кітапханасының директоры Жадыра Арекенова Абай ҒЗИ және кітапхана қоры негізінде дайындалған «Әлем таныған дана» тақырыбындағы кітап көрмесін таныстырды.

Халықаралық мәжіліске Қырғыз Республикасы ҰҒА Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Абдылдажан Ахматалиев, Баку славян университетінің профессоры, ф.ғ.д., профессор Низами Тагисой, сонымен қатар М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының профессоры Гүлзия Пірәлі, Назарбаев университетінің профессоры Айгүл Ісімақова және п.ғ.к. Марат Мекемтасұлы секілді белгілі отандық ғалымдар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының кеңесшісі, ф.ғ.к., профессор Мәншүк Мұқашева, Абай ҒЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкерлері, ф.ғ.д., профессорлар Дандай Ысқақұлы, Қансейіт Әбдезұлы, Абай ҒЗИ

профессоры Төрегелді Тұяқбай, Абай ҒЗИ-дың қауымд. профессоры Ләйла Мұсалы, ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбайұлы, университеттің оқытушы-профессорлары Жолмұқан Түрікпенұлы, Аслан Жақсылықов, Алмас Мәуленов, Сәуле Ержанова, Самал Дәрібайұлы, Ерхан Кәрбозов, Асқар Дүйсенбі, Әлібек Шегебай, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің доценті, ф.ғ.к. Рахат Саламатова т.б. қатысып, Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы жөнінде ой бөлісіп, баяндама жасады.



Абай күні қарсаңында өткен аталмыш іс-шараның Абай ілімі мен мұрасын зерттеу әрі насихаттау жолында, ұлт руханиятын дамытып, қоғамдық сананы жаңғыртуда маңызы зор деп санаймыз.

**Абай ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері
Ләйла Мұсалы, Алма Кенжеқожаева**

8.08.2025 ж.